БЕКІТЕМІН
«Сарыарка дарыны»
БКББ АГПО басшысы
_____ С. Дамыскан
«__»_____2025 ж.

КЕЛІСЕМІН
«Төле би», «Қазыбек би»
«Әйтеке би» қоғамдық
корының басшысы «Сенім»
_____ Әулие Әйтеке би
«__»_____2025 ж.

Жалпы білім беретін ұйымдардың 7-11 сынып оқушылары және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі оқу орындарының 1-2 курс студенттері арасында өтетін «Бала шешеннен – дана шешенге» тақырыбындағы Республикалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже республикалық 7-11 сынып оқушылары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі оқу орындарының 1-2 курс студенттері арасында Төлеби. Қазыбек би, Әйтеке би, оқуларының (бұдан әрі – байқау) өткізу және оған қатысу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Байқау «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Шабыт» жобасының зерттелген шығармалар, тарихи оқиғаларға байланысты театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру, ақындар айтысы, «Ұшқыр ой алаңы» жобасы тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу, «Бірлігі бүтін елдің түтіні түзу ұшар» тақырыбындағы эссе жазуын ұйымдастыру, оқу үдерісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге, оқушылардың шығармашылық, тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған.

3. Байқауды «Төле би», «Қазыбек би», «Әйтеке би» қоғамдық қорының мүшелерімен бірігіп өткізеді.

4. Байқауға білім беру ұйымдарының 7-11 сынып оқушылары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі оқу орындарының 1-2 курс студенттері қатысады.

5. Байқаудың дайындық жұмыстары, оны өткізу бойынша ұйымдастыру шараларын үйлестіру және оны жүзеге асыру мақсатында ұйымдастыру комитеті құрылады. Республикалық ұйымдастыру комитетінің құрамына «Төле би» және «Қазыбек би», «Әйтеке би» қорының төрағасы, білім саласындағы жергілікті басқару органының мамандары, Қарағанды облысының білім басқармасының мамандары енгізіледі.

6. «Төле би», «Қазыбек би», «Әйтеке би» қорларының төрағалары ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып табылады.

7. Байқаудың қазылар алқасы: төрағадан және алқа мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасының төрағасы мен мүшелерін ұйымдастыру комитеті бекітеді.

8. Қазылар алқасының құрамына, жоғары оқу орындарының және жоғары біліктілігі бар педагогтер кіреді.

9. Қаржыландыруды «Төле би», «Қазыбек би», «Әйтеке би» қоры жүзеге асырады. Ал байқауға қатысушылар мен олардың жетекшілерінің барлық іссапар шығындары (екі жаққа барып-қайту жолақысы, жатын орны және тамақтануы) жіберуші тараптың (ұйымның) есебінен өтеледі.

10. «Бала шешеннен – дана шешенге» тақырыбындағы Республикалық байқау қатысушыларды марапаттау және жүлделерін әзірлеуді «Төле би», «Қазыбек би», «Әйтеке би» қоры, Қарағанды облысының білім басқармасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің қолдауымен жүзеге асырады.

11. «Бала шешеннен – дана шешенге» тақырыбындағы Республикалық байқау өткізудің ұйымдастыру комитеті:

– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің хаты негізінде, Қарағанды облысының білім басқармасы, «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығы өткізудің жалпы тәртібін белгілейді;

– тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

1. Байқаудың мақсаты:

«Адал азамат» – бағдарламасы аясында, ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсатында Төле бидің, Қазбек би және Әйтеке бидің қазақ тарихында елеулі із қалдырған, шешендіктің шыңына шыққан, ақылымен көпшілік елді аузына қаратқан, билердің биі атанған бабалармыздың өсиетін орындау. Шешендікте әділ билік жасаған, ақылы мол, ойы терең, қара қылды қақ жаратын, туралықтан жалтармайтын кемеңгер бабаларымыздың қасиеттерін халық арасында насихаттау.

2. Міндеттері:

- рухани- адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:
- адал азаматты тәрбиелеп шығару;
- ұлттық құндылықтарға, салт пен дәстүрді бала бойына қалыптастыру;
- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- оқушылар бойында әділеттік, шынайлық, әділдік құндылықтарды қалыптастыру;
- сахна мәдениетін қалыптастыру;
- оқушылардың, шешендік өнерге деген құштарлығын арттыру;
- тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу,
- өз ой-пікірлерін ғылыми тұрғыда жеткізе білуін дамыту;
- зерттелген шығармалар, тарихи оқиғаларға байланысты театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру,

-тарихи көркем шығармалар арқылы көркемдік-эстетикалық, азаматтық-патриоттық құндылықтарды қалыптастыру.

3. Байқауды ұйымдастыру комитетінің міндеттері

Республикалық ұйымдастыру комитеті:

- Байқаудың барлық кезеңдерін өткізу тәртібін анықтайды;
- Байқау тікелей басқаруды жүзеге асырады;
- Байқаудың жоғары деңгейде өтуі үшін тәрбие саласы бойынша қазылар алқасы құрамын анықтайды;
- қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады;
- Байқаудың қорытындысына талдау жасайды және жинақтайды, есеп береді.

Ұсынылатын тапсырмалардың бағыттар (кезеңдер) бойынша сәйкестігін камтамасыз етеді.

4. Байқаудың қазылар алқасының міндеттері:

- ұйымдастыру комитетіне байқаудың қорытындысы туралы есеп тапсырады;
- ұйымдастыру комитетіне жүлдегерлер мен жеңімпаздарды марапаттау жөніндегі ұсыныстар жасайды;
- байқаудың қатысушыларының орындаған жұмыстарына талдау жүргізеді;
- жеңімпаздарды анықтайды және ұйымдастыру комитетіне жүлделі орындарды тағайындау үшін ұсыныстар береді;
- анықталған жеңімпаздар 10 күн көлемінде диплом, мадақтамамен және жеңімпаздардың жетекші мұғалімдері мадақтамамен марапатталады.

5. Байқауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері:

- қатысушылар белгіленген уақыттан кешікпей байқауға қатысуы тиіс;
- әдеп нормаларын сақтауы қажет;
- қатысушылар тарапынан қорғаушы оқушыларға сұрақ қойып, кедергі келтіруге тыйым салынады.

3. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. Байқауға аудандық, қалалық, облыстық білім беру ұйымдарына қарасты жалпы орта мектептерден өнерлі, әр өңірден 6-8 оқушыдан құралған команда (шығармашыл 7-11 сынып оқушылары мен орта арнаулы оқу орындарының 1-2 курс студенттері) қатыса алады.

№	Бағыт атауы	Қатысушылар саны	Түсіндірме
1	**Таныстыру** (Сәлем сөздің анасы)	**6-8 оқушы**	Команда толық құрамда қатысады (6-8 оқушы аралығы рұқсат етіледі)
2	**Театрландырылған қойылым**	**6-8 оқушы**	Таныстыруға шыққан құрам толығымен немесе

			ішінара қатысады (сахналық қажеттілікке қарай 6-8 оқушы)
3	**Айтыс өнері**	**1 оқушы**	Жалпы 8 оқушының ішінен **біреуі** суырыпсалма ақын ретінде шығады
4	**Эссе жазу**	**1 оқушы**	Жалпы 8 оқушының ішінен (айтыскерден басқа) **біреуі** эссе жазуға қатысады
ЖАЛПЫ:	**Команда құрамы**	**8 оқушы**	**Өзгертуге жатпайды**

Ескерту:

- Айтысқа және эссе жазуға қатысатын оқушылар **сырттан қосылмайды**, олар негізгі 8 адамдық команданың мүшесі болуы шарт.
- Егер команда 8 адамнан аз келсе (мысалы, 6 оқушы), ұпай саны кемітілмейді, бірақ сахналық көріністің ауқымына әсер етуі мүмкін.
- Егер команда 8 адамнан артық келсе, команда байқауға жіберілмейді.
- Жетекшілер саны: 1 (бір) адам.

2. Байқауға облыстық кезеңнің жеңімпаздары қатысады.

3. Байқаудың республикалық кезеңі Қарағанды облысының білім басқармасының ұйымдастыруымен Қарағанды қаласында **2026 жылғы 29-30 қазанда** өткізіледі.

Байқауда 3 секция жұмыс жүргізіледі: қазақ тілі мен әдебиет, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілдері бойынша.

Байқау қорытындысы **жалпы командалық есеппен** шығарылады. Әр бағыт бойынша қазылар алқасының мүшелері **10 балдық жүйемен** бағалайды.

Байқау келесі бағыттарды қамтиды:

1-БАҒЫТ: «Сәлем сөздің анасы» (Команданы таныстыру)

Қатысушылар: 6-8 оқушы

Уақыты: 3-5 минут

Ең жоғарғы ұпай: 50 ұпай

Міндетті мазмұны:

- Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би шешендік сөздерін қолдану;
- Ұлттық құндылықтарды, адамгершілік тақырыптарды ашу;
- Тілдік дағдыларды дамыту, мазмұнды ой айту;

№	Бағалау критерийлері	Ұпай (1-10)	Талаптардың сипаттамасы
1	**Мазмұн және идея**	1-10	Тақырыптың ашылуы, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің мұрасын және ұлттық құндылықтарды қамтуы

2	**Тіл тазалығы**	1-10	Сөз байлығы, көркемлеуіш құралдарды қолдануы, диалект немесе жаргон сөздердің болмауы
3	**Сахна мәдениеті**	1-10	Өзін-өзі ұстауы, дауыс ырғағы (дикция), артикуляция, көрерменмен байланыс
4	**Шығармашылық ізденіс**	1-10	Командалық үйлесім, креативті шешімдер, сахналық қойылымның ерекшелігі
5	**Сыртқы келбеті**	1-10	Киім үлгісінің эстетикасы және тақырыпқа/ұлттық нақышқа сәйкестігі
!	**Айыппұл**	-1 әр минутқа	Уақыт регламентінен (5 минуттан) асқан әрбір 1 минут үшін жалпы ұпайдан 1 ұпай шегеріледі

2-БАҒЫТ: Өнер сайысы (театрландырылған қойылым)
Қатысушылар: 6-8 оқушы
Уақыты: 7-10 минут
Ең жоғарғы ұпай: 50 ұпай
Міндетті мазмұны:

- Тарихи оқиғаларға байланысты театрландырылған қойылым;
- Ұлттық салт-дәстүр, тұлғалар бейнесі;
- Рөлдік ойындар, көркемдік нөмірлер

№	Бағалау критерийлері	Ұпай (1-10)	Талаптардың сипаттамасы
1	**Сценарий сапасы**	1-10	Тарихи оқиғаның дұрыс таңдалуы, тарихи дәлдік, сюжеттік желінің логикасы
2	**Актерлік шеберлік**	1-10	Образға кіру, эмоцияны жеткізу, дауыс, мимика, қимыл үндестігі
3	**Режиссерлік шешім**	1-10	Мизансцена, музыкалық сүйемелдеу, декорация мен реквизиттерді орынды пайдалану
4	**Тіл және сөйлеу**	1-10	Кейіпкерлер тілінің тарихи кезеңге сәйкестігі, монолог/диалогтардың әсерлілігі
5	**Тұтас әсер**	1-10	Көрерменге эмоциялық әсер етуі, тәрбиелік мәні, ұлттық рухты көрсетуі
!	**Айыппұл**	-1 әр минутқа	Уақыт регламентінен (10 минуттан) ауытқығаны үшін (асып кетсе)

3-БАҒЫТ: Айтыс өнері
Қатысушылар: 1 оқушы (команда атынан)
Форматы: Сұрыпсалма айтыс (қарсыластар жеребемен анықталады)
Ең жоғарғы ұпай: 40 ұпай
Міндетті мазмұны:

- Тақырыпқа сай сұрыпсалма айтыс;
- Қарсыласпен мәдениетті сөз қағыстыру;
- Ұлттық құндылықтарды, тарихи деректерді қолдану.

№	Бағалау критерийлері	Ұпай (1-10)	Талаптардың сипаттамасы
1	**Сұрыпсалмалық**	1-10	Ойды сол мезетте шапшаң құрастыру, тосылып қалмау, жауаптың ұтымдылығы
2	**Мазмұн тереңдігі**	1-10	Тақырыпты ашу, тарихи деректер мен ұлттық құндылықтарды орынды қолдану
3	**Көркемдік шеберлік**	1-10	Үйқас, ырғақ, буын өлшемдерінің сақталуы, бейнелі сөздер мен теңеулер
4	**Айтыс мәдениеті**	1-10	Қарсыласты сыйлау, әдептен озбау, сахна мәдениеті, орындаушылық шеберлік (мақам)

4-БАҒЫТ: «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» (Эссе жазу)
Қатысушылар: 1 оқушы (команда атынан)
Көлемі: 250-350 сөз
Тақырыбы: «Бірлігі бүтін елдің түтіні түзу ұшар» (немесе сол жерде берілген тақырып)
Ең жоғарғы ұпай: 30 ұпай

№	Бағалау критерийлері	Ұпай (1-10)	Талаптардың сипаттамасы
1	**Мазмұн және аргумент**	1-10	Тақырыптың толық ашылуы, авторлық көзқарастың айқындылығы, дәлелділігі
2	**Стиль және тіл**	1-10	Сөздік қордың байлығы, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді қолдану шеберлігі
3	**Сауаттылық**	1-10	Орфографиялық және пунктуациялық қателердің болмауы (1 қате - 9 ұпай, 2 қате - 8 ұпай, т.с.с. кемиді)
!	**Шектеу**	0 ұпай	Егер сөз саны 200-ден аз болса немесе плагиат анықталса, жұмыс бағаланбайды.

4. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ (ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ БОЛДЫРМАУ ҮШІН)

1. **Жеңімпаздарды анықтау:**

- Жеке номинациялар бойынша жеңімпаздар әр бағыттың өз ұпайлары бойынша анықталады.
- Бас жүлде және жалпы командалық орындар барлық 4 бағыт бойынша жинақталған жалпы ұпай (максимум 170 ұпай) қосындысымен анықталады.

2. **Тең ұпай жағдайында:**

- Егер екі команданың ұпайы тең түссе, басымдық «Айтыс өнері» және «Театрландырылған қойылым» бағыттарында жоғары ұпай алған командаға беріледі.

3. **Қазылар шешімі:**

- Қазылар алқасының толтырған хаттамалары мөрмен бекітіледі.
- Төрешілердің қойған ұпайлары талқылауға жатпайды және өзгертілмейді.

4. **Апелляция:**

- Нәтижелер жарияланғаннан кейін апелляция қабылданбайды. Тек техникалық қателер (ұпайды дұрыс есептемеу) болған жағдайда ғана ұйымдастыру комитеті қайта қарауға құқылы.

5. БАЙҚАУДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

- Жеңімпаздар мен жүлдегерлер әр жеке бағыт бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен (дипломда дайындаған ұстазының аты-жөні жазылған) және жалпы командалық есеп бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

2. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Управление образования

Қосымша 1

Жалпы білім беру ұйымдарының 7-11 сынып оқушылары және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі оқу орындарының 1-2 курс студенттері арасында өтетін
«Бала шешеннен – дана шешенге» тақырыбындағы
республикалық байқауына
СҰРАНЫС

№	Қатысушының аты-жөні (толық)	Облысы/ қаласы (толық)	Оқу орны/ мектебі/ сыныбы (толық)	Жетекшінің аты-жөні/ пәні (толық)	Жетекшінің ұялы телефоны, электронды поштасы
1					

Байқауға қатысу туралы өтінімдер **2026 жылғы 10 қазан, сағат 17.00-ге** дейін saryarkadaryny2025@mail.ru электронды поштасы арқылы қабылданады.

Ескерту: Байқаудың ұйымдастыру мәселелері бойынша жауапты тұлға-**Сейпишова Толганай Сериковна** (8-705-114-2130, saryarkadaryny2025@mail.ru)

Министерство просвещения Республики Казахстан